

Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы
атаулы күндерге арналған өңірлік жоспар бойынша



88,
02.10.2024



“Қарттарым-асыл қазынам”

Тәрбиеші: Рахова Г.Н.

Жүргізуші: Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген ауыл қарттарының орны ерекше, олай болса әр халықтың бойында ықылым заманнан бері қалыптасып, оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана қасиеттері болады. Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты ойы терең ақылы телегей теңіз болып келеді.

Міне, осындай теңеуге лайық қарияларды жылына бір рет келетін 1 Қазан Қарттар күнімен құттықтай отырып, “Қарттарым-асыл қазынам” атты кешімізге қош келдіңіздер.

Қадірлі ата-әжелер бүгінгі күні біз сіздерді мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Сіздер жас ұрпаққа әрқашан төзімділіктің, даналқтың үлгісі болып келесіздер.



Бүгінгі салтанатты мерекелеріңізбен құттықтауға сөз кезегін балабақша меңгерушісі Ермухамедова А.Ж. қызына береміз.

Жүргізуші: Той деп бүгін халқым шашу шашады,
Той деп бүгін әлем сырын ашады.
Қарттар күні мейрамына арналған
Бишілер өнерлерін шашады.

“Құлыншақ” тобының қыздарының орындалуында биді тамашалаңыздар.

Жүргізуші: Асыл әжем, мақтанышым менің де,
Қонақ болып отыр міне төрімде.
Өзіңе арнап балдай тәтті күнімен
Ән салатын кезім келді менің де.

“Балапан” тобының тәрбиеленушілердің орындауында Асылым мен
Кәусардың әнін “Әжемнің шайы” қабыл алыңыздар.

Тақпақтар

“Құлыншақ” тобы

“Балапан” тобы

Қош келіпсіз ақжаулықты аналар,
Ақыл кенін арқалаған аталар.
Алдарыңда жауқазындай құлпырған,
Біз алаңсыз балғын шақты балалар.

Ауылымыздың ардагері, қарт зейнеткер атамызға сөз береміз.

Би “Балапан” тобы Қазақша би Қамажай

Көрініс.

Аппақ шашың күн сайын қылаңдаған,
Зейнет емес бейнеттен арылмаған
Тәңірімдей табынып өтем мәңгі,
Қариялар өзінді ел сыйлаған-дей келіп, мерекелік шараны аяқтай отыра
“Ботамен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер” демекші ата-әжелер бата,
ізгі ниет тілектеріңіз болса сөз кезегін өздеріңізге береміз!